

Ақмола облысы Ақкөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қаңтардағы № А-1/6 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қаңтарда № 26645 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 01.11.2024 № А-11/218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақмола облысы Ақкөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Ж.А. Салыбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл ауданының әкімі

Ю.Курушин

Ақмола облысы Ақкөл
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 20 қаңтардағы
№ А-1/6 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы Ақкөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Қызмет саласы	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұксас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық
---	---------------	---------------	---------------------------	--	--

					тамақтану объектілері)
1	Ақкөл қаласы, Шоқан Уәлихан көшесі, Ажар мейрамханасына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	30	5	Жоқ
2	Ақкөл қаласы, Гавриил Кирдищев көшесі, сапаржай ғимаратының оң жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	30	5	Жоқ
3	Еңбек ауылы, Студенттер көшесі, 46 үйдің сол жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	9	5	Жоқ
4	Урюпинка ауылы, Кенесары көшесі, "Қазпочта" Акционерлік қоғамы ғимаратының оң жағында	" Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	30	5	Жоқ
5	Қына ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 16 үйдің оң жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ
6	Қарасай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 6 үйдің сол жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ
7	Сызды бұлақ ауылы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 13 үйге қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	50	5	Жоқ
8	Жалғызқарағай ауылы, Гавриил Кирдищев көшесі, 13 үйдің сол жағында	Азық-түлік емес тауарлар	15	5	Жоқ
9	Азат ауылы, Алаш көшесі, мәдениет үйі ғимаратының сол жағында	Азық-түлік емес тауарлар	15	5	Жоқ

10	Наумовка ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, мектеп ғимаратының оң жағында	Азық-түлік емес тауарлар	135	5	Жоқ
11	Новорыбинка ауылы, Айтпай Бекболатұлы Құсайынов атындағы көшесі, "Халық ж е р і " Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарама-қарсы	Азық-түлік емес тауарлар	15	5	Жоқ
12	Домбыралы ауылы, Алаш көшесі, 32/2 үйдің оң жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	10	5	Жоқ
13	Малый Барап ауылы, Нұр-Сұлтан - Щучинск тас жолының оң жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	10	5	Жоқ
14	Кенес ауылы, " Алихан" Жеке кәсіпкерлігі ғимаратының сол жағында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	10	5	Жоқ